ӘОЖ 801.312 (045)

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Шаңбас Г.С.

Основным и весьма продуктивным способом обогащения системы лексики казахского языка является образование новых названия растений, т.е. словообразование. Словообразование, как живой процесс языка, играет важную, решающую роль в пополнении и развитии лексики.

Способы и пути образования названия растений Мангистауской области многочисленны и разнообразны. Анализ их приводит к заключению, что названия растений, как и другие лексико – семантические группы, образуются по устоявшимся способам и вполне определенным структурным моделям.

Main and highly productive method enrichment system Kazakh language lexicon is formation new plants name h .e. word building. Word building like living process language, play main, decisive role in lexicon reinforcement and development. Method and way formation name Mangistau regional plants numerous and various. Analysis their result conclusion plants name, like other lexica – semantic groups form resisted way and quite certain structural model.

Маңғыстау өсімдік атауларының жасалу жолдары мен әдістері көп және әр алуан. Зерттеу барысында Маңғыстау өсімдік атауларының басқа да лексика – семантикалық топтар тәрізді бұрыннан орныққан әдістер мен анықталған құрылымдық моделдер бойынша жасалатыны байқалды.

Қазақ тілінің лексикасын байытудың негізгі және өнімді әдісі жаңа ӨА – ның пайда болуы, яғни, жаңа сөздердің құрылуы. Жаңа сөздердің пайда болуы лексиканың дамуы мен толығуында маңызды және шешуші міндет атқарады.

Сөздердің пайда болуы дегеніміз – қазақ тілінің материалы негізінде, оның жүйесіне сәйкес келетін сөз құрастыру тәсілдері мен әдістерінің көмегімен жаңа ӨА – ның пайда болуы.Сөздердің пайда болуының нәтижесінде лексемалар немесе қандай да болмасын өсімдіктердің тегін немесе түрін атайтын лексемдердің құрамдары пайда болады. ӨА пайда болуының бастапқы базасы болып қазақ тілінің сөзі немесе ең көп таралған деп танылған түбір жатады [1].

Қазақ тілінде сөздің пайда болуының келесі әдістері бар: 1/морфологиялық 2/ синтаксистік 3/ лексика – семантикалық.Осы әдістердің барлығы да табиғаты жағынан әр түрлі және ӨА жасалуында кеңінен қолданылады.

Маңғыстау ӨА пайда болуының ең тиімді әдістерінің бірі – морфологиялық әдіс. Морфологиялық әдістің шегінде аффиксациялау мен сөздердің қосылу әдісін қарастыруға болады. Осы әдістердің нәтижесінде туынды және күрделі ӨА пайда болады.

Туынды ӨА түбірге не болмаса туынды негізге сөз құрастырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы пайда болады. Мысалы, *қызылша* деген

өсімдік атауы сын есімнің қызыл деген сөзіне = ша – жұрнағының жалғануы арқылы жасалып тұр. *Сүттіген* өсімдігі туынды негізге = ген жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Яғни, жаңа ӨА құрастыруда ең алдымен түбір/ негіз/ және сөз құрастырушы морфема алынады.

Туынды ӨА негізінен зат есімнен /*қымыздық,* қымыз + жұрнақ = дық/, сын есімнен /*қызылша,* қызыл + жұрнақ = ша /, сонымен бірге етістіктің түбірінен /*домалатпа,* домалат + жұрнақ = па/, кейде жаңа ӨА еліктеуіш негізден де / *торсылдақ,* торс + жұрнақтар = ЫЛ+ ДА+Қ / жасалады.

Сөздердің пайда болуының морфологиялық тәсіліне сөздерді құрастырумен қатар, компоненттерінің мағынасы арқылы дәлелденетін ӨА екі немесе үш мағыналы негіз сөздердің біртұтас болып бірігуі арқылы жасалуы жатады. Мысалы, *құртқашаш* ӨА. Ол құртқа және шаш сөздерінің бірігуі арқылы жасалған,белгілі бір шөптің түрін білдіреді.

Оларды талдауға кіріспестен бұрын, сөзді құрастырудың кейбір мәселелеріне мысалы, күрделі ӨА мен жай ӨА – ның қатынасы, туынды, сонымен бірге күрделі ӨА мен сөз тіркесті ӨА ара қатынасына тоқталамыз.

Күрделі ӨА жай ӨА мен туынды ӨА негізінен, құрамы бойынша ажыратылады. Егерде жай ӨА сөздің негізін (түбірін) таза түрде көрсетсе, туынды ӨА негізден және оған жалғанатын сөз тудырушы жұрнақтардан, ал күрделі ӨА – екі және одан да көп негізден тұрады. Екі және одан да көп компоненттерден тұратын күрделі ӨА мен сөз тіркесті ӨА-н ажыратуда көптеген қиыншылықтар кездеседі. Күрделі ӨА мен сөз тіркесті ӨА айырмашылығын тек қана синтаксистік емес, сонымен бірге семантикалық қатынастардан да іздеу керек.

Сөз тіркесінің әр бөліктерінің арасында синтаксистік қатынас бар(бағыныңқы компонент басыңқы компонентке бағынады), ал күрделі ӨА компоненттерінің арасында мұндай байланыс болмайды. Осыған байланысты сөз тіркесті ӨА құрамындағы әрбір компонент жеке мағыналы сөздің қызметін атқарады, ал күрделі ӨА компоненттері біртұтас сөз ретінде беріледі.

Сөз тіркесті ӨА–ның мағынасы оның компоненттерінің мағынасынан шығады, ал күрделі ӨА мағынасы оның компоненттерінің мағынасынан шықпайды, яғни оның компоненттерінде семантикалық дербестік болмайды, соның нәтижесінде жаңа мағынасы бар жаңа сөз пайда болады. Күрделі ӨА – ның пайда болуына оның орфографиялық заңға бекітілген семантикалық бірлігі мен синтаксистік бөлінбеушілігі қажетті және жеткілікті жағдай болып табылады. Ал сөз тіркесті ӨА жеке сөздерден тұрады, олардың мағынасы осы сөздердің мағынасын біріктірудің нәтижесінде шығады.

Сонымен, күрделі ӨА - лексикалық бірліктер, ал сөз тіркесті ӨА – синтаксистік бірліктер. Оларды ажырататын формальды белгі – орфографиялық белгі болып табылады, яғни күрделі ӨА бірге жазылады, ал сөз тіркесті ӨА бөлек жазылады.

Сөздерді құрастыру арқылы жасалған күрделі ӨА-ның саны өте көп. Негізінен екі компонентті және үш компонентті атаулар көп кездеседі. Оның ішінде екі компоненттілері көп таралған: *атқұлақ, итмұрын* және басқалар.

Кейбір зерттеушілер күрделі сөздер (*балықкөз, түйежапырақ* сияқты) компоненттерінің арасында синтаксистік байланыс – қабысу бар деп есептейді[2]. Бірақ, бұл қате пікір сияқты, себебі, күрделі сөздер компоненттерінің арасында синтаксистік байланыс жоқ деп жоғарыда айтып өттік. Соған қарамастан бізде оны қате деп айтуға да негіз жоқ, өйткені өзінің құрамында екі және үш негізі бар көптеген күрделі атаулар бастапқыда бірінші типті түркілік изафет арқылы үндесе байланысқан.

Біздің пікірімізше, қазіргі қазақ тілінде күрделі ӨА–н жіктеуде бірінші және екінші компоненттерінің белгілі бір сөз таптарына жататындығы басты назарда болуы керек. Күрделі ӨА қандай да болмасын белгілі бір сөз табына жататындығына қарай төрт түрге бөлінеді:

1/ Екі компоненттері де зат есімге негізделген күрделі ӨА: *иттабан* (ит + табан), *құланқұйрық* (құлан + құйрық), *жұлдызшөп* (жұлдыз + шөп) және т.б.

2/ Бірінші компоненті сын есім болып, екіншісі зат есім болып табылатын күрделі ӨА. Бұл жерде келесі моделдерді ажыратуға болады:

а/ Түсті білдіретін сын есім + зат есім: *қоңырбас*(қоңыр + бас), *сарытікен* (сары +тікен), *қызылтамыр* (қызыл +тамыр) т.б.

ә/ Сапаны білдіретін сын есім + зат есім: *арамсояу* (арам + сояу), *кәріқыз* (кәрі +қыз), *жұмсақжеміс* (жұмсақ + жеміс)

б/ Дәмді білдіретін сын есімдер + зат есім: *балшөп* (бал + шөп), *усабақ* (у+сабақ) және басқалары.

в/ Иісті білдіретін сын есім +зат есім: *сасықшытыр* (сасық +шытыр)

г/ Көлемді білдіретін сын есімдер +зат есім: *қалыңқанат* (қалың +қанат), *майдабас* (майда +бас) т.т.

3/ Бірінші компонент сан есім де, екінші компонент зат есім тұлғалы: *қырықбуын* (қырық +буын), *мыңтамыр* (мың +тамыр), *үштіс* (үш+тіс), *төртмүйіз* (төрт+ мүйіз) т.б.

4/ Бірінші компоненті зат есім түбірі де, екінші компоненті етістік. Бұның өзі іштей бірнеше бөліктерге бөлінеді:

а/ Зат есім + өткен шақ көсемшенің болымсыз түрі: *құсқонбас* (құс+қон+ба - болымсыз жұрнақ + с – жұрнақ)

ә/ Зат есім + түбір етістік + -ғақ, - гек: *итсигек* (ит +си –болымды етістік+гек)

б/ зат есім + көсемше – ар, - ер, - р: *сүйелжазар* (сүйел + жаз + ар – көсемше), *шөпжияр* (шөп + жи + яр – көсемше).

Біз жоғарыда екі компонентті ӨА-ның өнімді моделдерін қарастырдық. Тілімізде көп қолданылмайтын да моделдер бар:

1/ Зат есімді негіз + сын есімді негіз: *қанқызыл* (қан + қызыл)

2/ Сын есім + сын есім: *қарақоңыр* (қара + қоңыр), *ақбоз* (ақ + боз)

Күрделі ӨА тек екі компонентті ғана емес, сонымен бірге, үш түбірлік морфемнен тұратын үш компонентті де болып келеді:*ақбасжусан* (ақ + бас + жусан), *қараалабұта* (қара +ала +бұта) және басқалары.

Келтірілген мысалдарда ӨА құрылымдық моделдер бойынша құрастырылған үш негізден тұрады: Сын есім + зат есім +зат есім немесе сын есім +сын есім +зат есім. Бірінші компонент ретінде негізінен сын есімнің негіздері қолданылады. Зат есіммен қосыла отырып ол анықтауыштық қызметті атқарып тұр. Бұл анықтауыш анықталатын үшінші компонентпен қосылатын екі мүшелі біртұтас семантиканы білдіреді.

Біз сөз біріктіруді сөз құрастырудағы морфологиялық тәсілдің бір түрі ретінде сипаттадық. Сөз біріктіру мен жұрнақтық жасалымдардың ұқсастығынан біз, бірінші және екінші жағдайларда «қандай да болмасын морфемді қосу арқылы»[3] қарастырдық. Күрделі ӨА жұрнақтық жасалымдардан айырмашылығы сол, онда екі түбірлік морфем ерекшеленеді.

Күрделі ӨА әр алуан және кеңіне таралған. Себебі, біз талдаған Маңғыстау өңіріндегі ӨА – ның 50% күрделі атаулар.

Күрделі ӨА іс жүзінде негізінен сөз тудырушы моделдерден құралады «жұрнақсыз негіз + жұрнақсыз негіз». Күрделі ӨА бірінші компоненттері әр түрлі сөз таптарынан тұрады (зат есім, сын есім, сан есім және бесқалары), ал екінші компоненттері – түбір зат есімдері: *шөп, гүл, құрай, бұта, ағаш, жеміс, жидек, дән, жапырақ, сабақ, тамыр*, сонымен бірге *шешек, ғалдақ*, қат т.с.с.

Сөз құраудағы өнімді әдістердің бірі синтаксистік әдіс болып табылады. себебі, жаңа атау екі немесе одан да көп дербес сөздердің тіркесуінен жасалады. Компоненттердің сәйкестілік деңгейіне қарай, олар еркін және еркін емес тіркес болып бөлінеді. Еркін сөз тіркесіндегі әр компонент өз алдына дербес лексикалық мағынасын сақтай алады. Ал, еркін емес сөз тіркестерінде компоненттердің лексикалық мағыналары әлсіреген және жоғалған. Мұндай тіркестер өзінің семантикасы және қызметі бойынша жеке мағыналы сөздерге жақын болып келеді. Жоғарыда баяндалғандарды есепке ала отырып, біз синтаксистік жолмен жасалған Маңғыстау ӨА – ның екі түрін айыра аламыз: 1/ құранды ӨА, 2/ сөз тіркесті ӨА.

Құранды ӨА деп біз тұрақты сөз тіркестерін атаймыз, олар екі және үш атаулы сөздерден тұрады да, бірыңғай атаулы мағынаны білдіреді, олардың барлығы бірігіп өсімдіктің бір түрін немесе тегін білдіреді. Нақты өсімдіктің белгісін білдіре отырып, құранды өсімдік атауы тұтас алғанда, жеке мағыналы сөз тәрізді атаулы қызметті атқарады[4].Оған оның компоненттерін құрайтын семантикалық тұтастық тән. Мысалы қараңыз, *бұғы мүгі* /бұғы және мүк +гі – тәуелділік жалғауы/, *судан шөбі* / судан +шөп + і – тәуелділік жалғауы / Келтірілген құранды ӨА үлгілері бойынша сөз тіркестеріне сәйкес келетін, бөлек сөздерге жеңіл бөлінеді, сонымен бірге, семантикалық мағынада біртұтас мағынада сипатталады.

Құранды ӨА – ын, зерттеушілер кейде күрделі сөздерге, кейде сөз тіркестеріне жатқызады. Сондықтан, олардың біріншісінің екіншісінен айырмашылығын көрсету қажеттілігі туады.

Жоғарыда айтып кеткендей, күрделі ӨА екі және үш дербес сөздердің біртұтас болып қосылуынан туады. Бұл компоненттер лексикалық дербестіктерін жартылай және толық жояды да, жаңа мағына пайда болады, яғни, өсімдіктің жаңа атауы, мысалы: *түйетабан* / түйе +табан /, *қазтаңдай* /қаз+таңдай/ және басқалар. Осындай күрделі ӨА осы жерде қарастырып отырған құранды ӨА – нан айтарлықтай өзгеше болып келеді, мысалы, *жер жаңғағы* / жер +жаңғақ+ ы – тәуелділік жалғауы/ оның мағынасы компоненттердің бастапқы мағынасының қосындысынан туады. Күрделі ӨА – ның құранды бөліктері арасында синтаксистік қатынас болмайды. Ал құранды ӨА – ында синтаксистік байланыс болады.

Құранды ӨА, сөз тіркесті ӨА күрделі ӨА-нан синтаксистік жолмен құрылатындығымен ерекшеленеді. Олардың барлығы атаулы қызметті атқарады, бірақтан да құранды ӨА – ның лексикалану құбылысы аяқталған, ал, сөз тіркесті ӨА – ның лексикалану құбылысы аяқталды деп айтуға болмайды. Себебі, құранды ӨА тұрақты сөз тіркестері болып табылады. Сөз тіркесті ӨА – сөздердің еркін тіркестері. Оның тұтас мағынасы компоненттерінің мағынасынан шығады[5].

Сөз тіркесті ӨА өсімдіктің тек түрін, ал күрделі және құранды ӨА – тектік-түрлік атауларды білдіреді.

Егер, күрделі ӨА /қара + қат – *қарақат*, мысық + құйрық – *мысыққұйрық* және т.б. / лексикалық сөз құрастыру саласына жататын болса, онда сөз тіркесті ӨА /*қара қарақат, құм жусан*/ синтаксис саласына жатады. Бірінші жағдайда , екі сөздің бірігуінен жаңа ұғымды білдіретін жаңа сөз пайда болады, екінші жағдайда, екі сөздің тіркесуінен жаңа мағыналы сөз пайда болмайды.

Сөз тіркесті ӨА анықтауыштан және анықталатын сөзден тұрады.

Қара қарақат, *қызыл қарақат*, *құм жусан* сөз тіркестері өзінің табиғатынан - екі компонентті болып келеді. Олардың құрылымы екі мүшесінің болуымен сипатталады: анықтауыш, онда заттың белгісі көрінеді, екіншісінде анықталушы, мұнда заттың өзі көрінеді. / *қара қарқат, қызыл қарақат, құм жусан*/. Сөз тіркесті ӨА – ның бірінші компонентінде нақты белгісі анықталады. Бұндай синтаксистік қатынас тіл білімінде анықтауыштық қатынас деп аталады/ арибутивтік/.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, сөз тіркесті ӨА екі компоненттің еркін тіркесуіне негізделеді, яғни біріншісі анықтауыш ретінде берілсе, екіншісі – анықталушы зат ретінде көрінеді. Олардың мағынасы екі компоненттің мағынасынан тұрады және өсімдіктің нақты түрін білдіреді. Мысалы: *ақ сексеуіл*, *қара сексеуіл*.

Осы мысалдардан кез–келген сөз тіркесті ӨА Байынқол Қалиевтің айтуынша «анықтауыш + анықталушы» принципіне негізделеді. Бұл

«анықтауыш + анықталушы» принципі «жеке + жалпы» заңына бағынады[6]. Жеке компонент жалпыға қарағанда нақты мағынаға ие. Мысалы, жоғарыда келтірілген *ақ сексеуіл, қара сексеуіл* деген тіркестердегі *ақ, қара* сөздері сексеуіл деген жалпы атауға нақты сипаттама беріп тұр. Бұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сөз тіркесті ӨА – н жасауда маңызды ролді тәуелді компонент/ақ, қара/ алады, себебі өсімдіктің нақты сипаттамасын беретін солар. Бұл сөз тіркестерінде басты компонент өсімдіктің атын, ал тәуелді компонент оның белгісін көрсетеді.

Қазіргі қазақ тілінің нормасына сәйкес сөз тіркесті ӨА-да басты компонент ретінде зат есім беріледі, ал тәуелді компонент ретінде / нақтылаушы / - негізінен сын есімдер болады. Мысалы: *боз көкпек, қисық көкпек* және басқалары. Кейде нақтылайтын компонент ретінде / тәуелді/ зат есім де беріледі: *бақбақ аққайың, түркістан аққайың* және басқалары.

Осыған орай, Маңғыстауда кездесетін сөз тіркесті ӨА – н құрылымдық ерекшеліктеріне қарап, екі топқа бөлуге болады:

1/ Сын есімнің зат есіммен тіркесуінен болған сөз тіркесті ӨА. Оның моделі: сын есім және зат есім (С.е.+З.е.) және зат есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған сөз тіркесті ӨА. Моделі: (З.е.+З.е.)

С.е.+З.е моделіндегі сөз тіркесті ӨА – на зат есім мен сапалық және қатыстық сын есімдердің тіркесуі жатады. Мысалы: *қара жусан, көкшағыр жусан* және басқалары.

Ал З.е.+З.е. моделіндегі сөз тіркесті ӨА – да зат есім зат есіммен тіркеседі. Мысалы: *киіз жусан, шыбық жусан.*

З.е.+З.е. моделіндегі нақтылау компоненті ретіндегі зат есім өсімдіктің белгісімен қатар, өсетін орнын да білдіреді, мысалы, *құм арша, тау арша*.

С.е.+З.е моделіндегі сөз тіркесті ӨА өз кезегінде іштей екі топқа бөлінеді: 1/ «сапалық сын есім + зат есім» формасымен жасалған сөз тіркесті ӨА, мысалы, *қызыл сораң, көк сораң.*

2/ «қатыстық сын есім +зат есім» түріндегі сөз тіркесті ӨА: *бүртікті сораң, ерте сораң, мақта сораң.* С.е.+З.е моделіндегі сөз тіркесті ӨА – ның қай тобын алсақ та олар бір текке жататын өсімдіктердің түрін ажыратады. Сөз тіркесті ӨА өзінің құрылымдық құрамына қарай шартты түрде жай /екі компонентті/ және күрделенген /көпкомпонентті/ болып екіге бөлінеді.

Жай сөз тіркесті ӨА екі түбір сөзден, ал күрделенгені – үш және одан да көп компоненттерден тұрады. Өсімдікті толық сипаттай алмаған жағдайда жай сөз тіркестері күрделенеді де, сөз тіркесті ӨА–ның күрделенген түрі пайда болады. Демек, күрделенген сөз тіркесті ӨА жай сөз тіркесті ӨА – ның күрделенуінен жасалып отыр. Мұндай жағдайда өсімдіктер туралы нақты белгіні жаңадан қосылған анықтаушы бөлігі береді, ал негізінен сөз тіркесті ӨА, тұтас алғанда, анықталушы бөлік болып есептелетін[7]. Мысалы: *жіңішке бұтақты құмдақшөп, тимьян жапырақты құмдақшөп.*

Сонымен, Маңғыстауда өсімдіктің бір ғана түрін білдіретін екі немесе одан да көп толық мағыналы сөздердің тіркесуінен тұратын ӨА көп кездеседі.

Бұндай ӨА –да бірінші компоненті өсімдіктің түрін білдіреді, ал екінші компонент өсімдіктің қандай текке жататындығын білдіреді. Сондықтан, бұндай ӨА – да екінші компонент өсімдіктің жеке атауларын білдіретін сөздер болады: *қарақат, сексеуіл, жусан , сораң , құмдақшөп* және басқалары.

Айта кету керек, осындай құрылымдағы ӨА – ның бәрі өсімдіктің түрін білдіре бермейді. Олардың арасында тіптен басқа өсімдік атауын білдіретін тектік атаулар да кездеседі.

Мысалы, Маңғыстауда кездесетін өсімдік атауларының жүйесінде *жусан* сөзімен бірнеше атаулар қолданылады: *дуадақ жусан, ащы жусан, киіз жусан, шыбық жусан,* және тағы басқалары. Бұлардың барлығы да жусанның түрін білдіреді. Бірақ ауызекі тілде жусан атымен байланысты басқа да ӨА бар, мысалы, *ақбасжусан*. Ол жусанның түріне жатпайды. *Ақбасжусан* –кәдімгі мыңжапырақ, оны кейде *қазтаңдай* деп те атайды.

Осыған ұқсас тағы бір мысал келтіре кетейік, мысалы біздің өлкемізде *жоңышқа* өсімдігінің мынадай түрлері кездеседі: *далалық жоңышқа, егістік жоңышқа, көкбас жоңышқа* және басқалары. Сонымен бірге жоңышқа сөзімен байланысты *таспажоңышқа, түйежоңышқа* сияқты да ӨА бар. Олар жоңышқаның түрлерін емес, боба тұқымдасына жататын өсімдіктердің тегі мен түрін білдіреді.

Сөз тіркесті ӨА – н күрделі ӨА – мен шатастырмау керек, себебі сөз тіркесті ӨА өзі компоненттерінің тіке мағынасынан пайда болады. Сондықтан да, сөз тіркесті ӨА – на экспрессивтік, метафоралық мағына тән емес, ал күрделі ӨА жасалуында ондайлар көп кездеседі.

Сөз тіркесті ӨА–ның мағынасы олардың компоненттерінің мағынасынан шығады да өсімдіктің нақты түрін білдіреді. Ал, күрделі ӨА біртұтас мағыналық бірлік ретінде қаралады. Себебі, күрделі ӨА компоненттерінің арасында синтаксистік байланыс болмайды.

Сөз тіркесті ӨА компененттерінің жеке өз алдына екпіні болуымен ерекшеленеді, ал күрделі ӨА – да /мысалы, *текесақал*/ екі сөзді біріктіріп тұратын бір ғана екпін болады. Сол себепті де, өсімдіктің тегін білдіретін *түйежоңышқа, ақбасжусан* сияқты күрделі өсімдік атауларын бірге жазу керек. Ал, өсімдіктің түрін білдіретін *көкбас жоңышқа, қасқа жусан* деген сөз тіркесті ӨА – н бөлек жазу керек.

Сонымен, ӨА – ның жасалу жолдары мен тәсілдер өте көп. Соның ішінде, біз Маңғыстау өлкесіндегі ӨА жасалуының морфологиялық /жұрнақ жалғану немесе екі не одан да көп түбірлердің бірігуі/, синтаксистік /сөздердің тіркесуі/ әдістерін қарастырдық. Зерттеу барысында Маңғыстау ӨА – ның жасалуында морфологиялық және синтаксистік әдістер кеңінен қолданылатыны байқалды.

Әдебиеттер:

1. Қалиев Б. Лексико – семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996, 168 стр.31
2. Балақаев М.Б. Казахский литературный язык. – 1987, 225 стр. 181
3. Кузнецов А.М. Проблемы и методы лексико – семантических исследований. – Москва, 1981, 312 стр. 25
4. Виноградов В.В. Русский язык: Грамматическое учение о слове. – Москва, 1947, 112стр. 8
5. Қалиев Б. Лексико – семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996, 168 стр. 38
6. Қалиев Б. Лексико – семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996, 168 стр. 40
7. Қалиев Б. Лексико – семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996, 168 стр. 41